

Қазақстан Республикасының Инвестициялық құқығы

**Нұрмұхамбетов
Серік Қайдарұлы**

**Халықаралық
экономикалық құқық
саласындағы құқық
магистрі**

Астана, 2018

Курстың академиялық саясаты

«Инвестициялық құқық» пәні бойынша білім мен дағдыларды тиімді игеру және оларды практикада қолдану үшін студенттер: тапсырмаларды уақтылы және нақты орындау; оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттермен танысу; инвестициялық заңнаманың негізгі ережелерінде еркін шарлау, практикалық тапсырмаларды орындау барысында нормативтік құқықтық актілерді қолдануға; өздерінің интеллектуалдық және шешендік қабілеттерін дамытуға; оқу үрдісіне белсенді қатысуға тиіс.

Жазбаша тапсырмаларды орындау кезінде студенттерге басқа студенттердің жұмыс нәтижелерін көшіруге, мәтіндер бойынша плагиат пен компиляция жасауға тыйым салынады. Егер жұмысқа плагиат (ҚазГЗУ -дің академиялық адалдық туралы саясаты) анықталса, студентке тәртіптік шаралар қолданылатын болады.

Тапсырмаларды уақытында оқытушыға тапсыру қажет, кешіккен жағдайда баға әр күн үшін 5 баллға төмендетіледі.

Студенттер сабаққа уақытында және кешікпей қатысуға міндетті. Егер студент 10 немесе одан да көп минутпен сабаққа кешіксе, оқытушы оны сабаққа қатысуға рұқсат бермеуді және осы күні сабаққа қатыспағаны туралы белгі жасауға құқылы. Сабақ барысында аудиториядан кетуге, оқытушының рұқсатысыз ауысуға, сөйлесуге, әлеуметтік желілер мен гаджеттерді қолдануға, жатуға, аудитория ішінде жүруге тыйым салынады. Студент оқытушының рұқсатымен аудиториядан тек 10 минутқа жығалады, осы уақыт аспаған жағдайда оқытушы оны сабаққа қатысуға рұқсат бермеуді және осы күні сабаққа қатыспағаны туралы белгі жасауға құқылы.

Студент қатыспаған сабақты жарамды негізі расталып, Құқық жоғары мектебі басшылығының бұйрығы арқылы оқытушының алдын-ала келісуімен толықтырады.

Студенттерге арналған ұсыныстар: тапсырмаларды өз уақытында және толық орындау; талқылаулар мен пікірталастарға белсенді қатысу; конспектерді жүргізу, сабақтың тақырыбына алдын ала дайындалу; ұжымдық жұмысқа жәрдемдесу; өздерінің интеллектуалдық және шешендік қабілеттерін дамыту, кітапханаға жиі бару арқылы заңды терминологияны және заңды ойлауды белсенді меңгеру; студенттер мен оқытушыларға мейірімді болу; оқытушыдан ақпарат алу үшін электрондық поштаны тұрақты тексеру.



Студенттердің білімдерін бақылау

1. «Инвестициялық құқық» пәні бойынша жазбаша емтиханның билетінде бір практикалық тапсырма (кейс) көзделеді. Кейсті шешу алгоритмі:

- 1) Болжамдар (талап ету құқығының пайда болуы) - жалпы бағадан 10% бағаланады;
- 2) Теориялық түсініктер (кейс бойынша) - жалпы бағадан 40% бағаланады;
- 3) Заң біліктілігі (шешімнің дәлелдері) - жалпы бағадан 40% бағаланады;
- 4) Қорытынды (жауап – кейстің мәні бойынша шешімі) - жалпы бағадан 10% бағаланады.

2. Инвестициялық құқық бойынша практикалық тапсырманың шешімін бағалаған кезде емтихан алушы мына критерийлерді басшылыққа алады:

- 1) Кейстің жоғарыда көрсетілген алгоритмға сәйкес шешілуі.
- 2) практикалық тапсырманың барлық сұрақтарына жауаптардың толықтығы, негізділігі және дұрыстығы (мәтіндік, кестелік, аралас түрлеріндегі шешім ұсынылсада).
- 3) студенттің практикалық тапсырмада көрсетілген қорытындыларында тиісті нормативтік құқықтық актілерге сілтемелер болуы тиіс (НҚА нақты тармағы талап етілмейді);
- 4) Барлық қорытындылар құқықтық терминологиямен негізделуі қажет. Осы сияқты студенттердің басқа да жазбаша жұмыстары бағаланады.

Студенттердің ұқсас мазмұны мен қорытындылары бар жұмыстар, бір-бірінен көшіру мүмкіндігін көрсетіп отырған, сондай-ақ мәтіндер оқулықтардан, НҚА немесе Интернеттен алынған немесе көшірілген жұмыстар «қанағаттанарлықсыз» бағаланады және студент автоматты түрде 0 балл алады. Сондай-ақ, емтиханға белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін студент емтиханнан шығарылған кезде жұмыс қанағаттанарлықсыз деп бағаланады.



Негізгі әдебиеттер:

1. Мороз С.П. Инвестициялық құқық: Оқулық – Алматы: ҚазақМЗУ, 2007
2. Мороз С.П. Актуальные проблемы инвестиционного права : Курс лекции. – Алматы: НИЦ КОУ, 2013;
3. Хазанович Э.С. Иностранные инвестиции: учебное пособие. 3 -е изд., перераб. – М.: КНОРУС, 2013;
4. Фархутдинов И.З. Международное инвестиционное право и процесс. – Изд. «Прспект», 2014;
5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі. <http://adilet.zan.kz>;
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы №498 қаулысымен бекітілген «Ұлттық инвестициялық стратегия » инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама сы. <http://adilet.zan.kz>.



Инвестициялар



Инвестициялық қорғау (кепілдіктер)



Инвестор

Инвестиция кую

Инвестиция



1 Тапсырма

- Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде экономиканың нақты секторына инвестиция тарту мәселесі орталық болып табылады. Бұл туралы «Локомотив» зауытының жетекшілер жиналысында мәлім болды. Бірақ жағдайды бағалауға көптеген тәсілдер араласқан. Жеке тұлғалар әлемнің жетекші елдерінің (АҚШ, Қытай және Ресей) рөлін қалады. Кейбіреулер банктердің несие берудің кемшіліктерін атап өтті (жоғары ставкалар, кепілдік сұрау талаптары және төлем қабілеттілігін растау).
 - **Сұрақ: Сіздің пікіріңізше, инвестицияларды тартудың қандай проблемалары бар?**
-



Мемлекеттің инвестициялық ахуалы

Инвестициялық ахуалды инвестормен бағалау

Макро деңгейде

- Тұрақты заңнама базасы
- Мемлекеттің инвестициялық саясаты
- Саяси жағдай

Мезо деңгейде

Инвестициялық әлеуеттер:

- ресурстар мен шикізат
- еңбек ресурстары
- өндірістік/инновациялық
- инфрақұрылым (жолдар)
- Қаржы
- экспорт

Микро деңгейде

- кәсіпорының экономикалық әлеуетті
- жабдықтың жай-күйі
- инновациялық орта

Инвестициялық тәуекелдер


- экономикалық
- Қаржы
- саяси
- сыртқы экономикалық
- Әлеуметтік

- экологиялық
- Қылмыстық
- заңнамалық

Қазақстанның инвестициялық ахуалына жарнама

ҚАЗАҚСТАН

жер көлемі бойынша әлемдегі **9-шы орындағы** мемлекет Еуразияның дәл ортасында орналасқан, ауқымы жағынан **500 миллионға** жуық адамды қамтитын нарыққа жол ашады



- Еуразиялық экономикалық одақ ЕАЭО – 180 млн.
- Орталық Азия – 49 млн.
- Каспий теңізі арқылы ашылатын нарық – 235 млн.
- БатысҚытай – 21 млн.

WORLD TRADE ORGANIZATION



Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше



ЕҚЫҰ мүше



Еуразиялық Экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше

Әлемнің барлық мемлекеттерімен бейбіт әрі тұрақты қарым-қатынастар
Fitch - BBB (stable), S&P - BBB, Moody's - Baa3 (stable)
Білікті еңбек ресурстары



Ұзақмерзімді болжамдарда ІЖӨ-нің тұрақты өсуі
*Дүниежүзілік валюта қорының болжамдарына сәйкес

1 орын

Орталық Азияда инвестициялық ахуал бойынша

36 орын

"Бизнес жүргізу" рейтингінде

top 10

Дүниежүзілік банктің "Doing business" рейтингі аясында реформатор-мемлекеттер қатарында

18 орын


189 мемлекеттің ішінде салық саласының қолайлығы бойынша

11 - еркін экономикалық аймақ
20 - дан астам индустриалдық аймақ

Жекешелендірудің кешенді жоспары
2018-ші жылы "Астана" Халықаралық қаржы орталығының іске қосылуы



Әлемнің 65 мемлекетімен
визасыз қатынау мүмкіндігі



СТАТИСТИКА ПО ПРЯМЫМ ИНОСТРАННЫМ ИНВЕСТИЦИЯМ (ПИИ)

(по данным Национального банка Республики Казахстан)

20,8 млрд.долл.

Объем валового притока ПИИ по итогам 2017 года



↑ Динамика роста по отраслям обрабатывающей промышленности



Сұрақ

Қаржылық дағдарыстың іргелі тұрғыдан маңыздылығына ие болатын инвестициялар түсінігі Кәсіпкерлік кодексінде анықталып отыр.

Алайда, Жаһандық дағдарыс жағдайында қаржы жұмсау бойынша семинарда қатысушылар инвестициялар түсінігін өз ойлары бойынша талдап, өздеріне сай болатын түсініктер берген болатын.

Сіздің ойыңызша, осы семинар қатысушыларына «инвестициялар» деген ұғымды қалай түсіндіруге болады?



Инвестициялық құқықтың негіздері

- Инвестициялық құқық - кеңестік кезеңнен кейінгі құқық ілімі үшін жаңа пән.
- «Инвестиция» термині латынның investire – жұмылдыру сөзінен алынған.
- «Инвестиция» және «Инвестициялық қызмет» түсініктерінің өзі-ақ инвестициялау саласында шетелдік капиталистік елдер тәжірибесіне телініп қарастырылды.
- **Инвестициялық құқық - әртүрлі салалық қатыстылықтың нормаларын біріктіретін құқықтық құрылым.** Осыған байланысты инвестициялық құқық құқықтың кешенді саласы болып табылады, құқықтың негізгі салаларымен (азаматтық, кәсіпкерлік, қылмыстық, әкімшілік, еңбек, процессуалдық) бірдей қызмет атқарады.



Сұрақ

Инвестициялық құқықтың Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру туралы практикалық сабақтарда студенттердің сөз сөйлеуінде мемлекет инвестицияларды жүзеге асыру үшін тек қана ұйымдастырушылық әдісін қолдана алатыны туралы айтылған болатын.

Инвестициялық құқықтың қандай әдістері бар?



Инвестициялық құқықтың негіздері

- **Инвестициялық құқық** - тұтас құқықтық құрылым, оны құрайтын институттардың тұтастығымен ерекшеленеді, құқықтың әртүрлі салаларының нормаларын біріктіреді. Осыған байланысты, инвестициялық құқық құқықтың негізгі салаларымен бірге қызмет көрсететін кешенді саласы болып табылады, құқық жүйесінде өзіндік ерекше орны бар.
 - **Құқық нормасы** - құқық жүйесінің бастапқы элементі, оның әртүрлі үйлесім табуы құқық жүйесінің басқа да элементтерін құқық институттары, салалары, қосалқы салаларын туғызады.
 - **Инвестициялық құқықты құқықтық реттеу әдісі** - инвестициялық қатынастарға міндеттеуші немесе рұқсат етуші, міндеттеуші және тиым салушы нормалар негізіндегі ықпал етудің әдіс-тәсілдерінің жиынтығы. Алғашқысында диспозитивтік (рұқсат етушілік) реттеу болса, екіншісінде - императивтік реттеу орын алады. Құқықтың кезкелген басқа кешенді саласы ретінде инвестициялық құқық реттеудің диспозитивтік және императивтік әдістерін бірдей қолданады.
-



Инвестициялық құқықтың аралас салаларымен қарым-қатынасы

- **Инвестициялық және кәсіпкерлік құқық** өз дамуының әртүрлі деңгейінде тұрса да, - құқықтың кешенді салалары (инвестициялық құқық - анағұрлым жас сала, ал кәсіпкерлік құқық қалыптасқан әрі тұрақтанған сала).
- **Инвестициялық және азаматтық құқық** - инвестициялық құқық үшін азаматтық құқық - «аналық» сала, немесе инвестициялық-құқықтық нормалардың «негізгі тіркелген орны».
- **Инвестициялық және әкімшілік құқық** - бұлардың өзгешеліктері құқықтық реттеудің табиғи мәні мен әдісінен көрінеді. Императивтік әдістің көмегімен реттелетін инвестициялық қатынастар - инвестициялық жалпылама-құқықтық қатынастар; олардың атқарушы билік саласында (мемлекеттік басқару) пайда болған түрлері - әкімшілік қатынастарға жатады: мемлекеттік басқарудағы инвестициялық қатынастар және инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеудегі қатынастар, оның ішінде инвестицияларды лицензиялау, сертификаттау, мемлекеттік қолдау, инвесторлардың әкімшілік жауапкершілігі.



Инвестициялық құқықтың аралас салаларымен қарым-қатынасы

- **Инвестициялық және халықаралық жалпылама құқық** - инвестициялық және халықаралық құқықтың өзара іс-әрекеті халықаралық инвестициялық жалпылама құқықтың пайда болуына жеткізді. Халықаралық жалпылама құқық субъектілері арасында, шетел инвестициялары саласында ең алдымен мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мен халықаралық жалпылама құқықтың басқа да субъектілерімен арасында туындайтын қатынастар жатады.
 - **Инвестициялық және халықаралық жекеменшік құқық** - шетел инвестициялары жөніндегі халықаралық инвестициялық жеке меншік құқықтың субъектілері арасында қатынастар пайда болады. Олардың өзара іс-әрекеті нәтижесінде аралас құқықтық институт - халықаралық инвестициялық жеке меншік құқығы қалыптасады.
 - **Инвестициялық және қаржылық құқық** - инвестициялық және қаржылық құқықтың ортақтығы мемлекет пен әртүрлі халықаралық қаржы ұйымдарының (МБРР, МФК, МАР, МАГИ, т.б.) инвестициялық қызметке кеңінен қатысуымен сыпатталады. Мұнда мемлекеттік (бюджеттік) инвестицияларды жоспарлау мен жүзеге асыруда пайда болатын қатынастар инвестициялық қатынастардың өзіндік тобын құрайды. Инвестициялық және қаржылық құқық шеңберінде кейін мемлекеттік қарыз мемлекеттік (бюджеттік инвестициялаудың) аралас құқықтық институттар құрылды.
-



2 Тапсырма

«Шығыс ГОК» АҚ директорлар кеңесінің отырысында Шығыс кенішін қайта құру, цехтардың негізгі технологиялық жабдықтарын жаңарту, кендерді қайта өңдеу технологиясын жасау және енгізуге бағытталған жаңа инвестициялық бағдарлама қабылданды. Ол 15 млрд. теңге көлемдегі инвестициялар тартуды көздейді.

Осы мақсатта 2017 жылы Әкімдіктің Индустрия басқармасы мен «Барыс» ЖШС арасында «Шығыс» ЖШС акцияларын сатып алу туралы шарт жасалды, оған қоса «Барыс» ЖШС жалпы сомасы 5 млрд. теңге сомамен АҚ көмек беруге уәде беріп, «Шығыс ГОК» АҚ инвестицияларды пайдалану тәртібі туралы келісім жасасты.

□ Сұрақтар:

- 1. Инвестициялық құқықтық қатынастар қандай субъектілер арасында пайда болады?
 - 2. Инвестиция дегеніміз не?
 - 3. Инвестор кім?
 - 4. Инвестициялық қызметтің объектісін атаңыз.
 - 5. Ұсынылған келісімшарттардың қайсысы (акцияларды сату туралы шарт, инвестицияны пайдалану туралы келісім) инвестициялық сипатта болады?
-



Сұрақ

Мемлекеттік деңгейде әр түрлі дәрежеде инвестициялық қызметті реттейтін инвестициялық құқықтың көптеген қайнар көздері бар.

Пікірталас үстінде менеджерлер инвестициялық қызмет саласындағы әртүрлі проблемаларды талқылады. Дегенмен, қатысушылардың ешқайсысы осындай проблемаларды шешуге мүмкіндік беретін инвестициялық құқықтың қайнар көздерінің біреуінде атамаған.

□ Сіздің ойыңызша, қандай құжаттар инвестициялық құқықтың қайнар көздеріне жатады?



Инвестициялық құқық функциялары

- **Құқық функциялары** - оның құқық субъектілерінің қызмет әрекеттеріне ықпал етудің негізгі бағыттары.
 - Инвестициялық құқық **реттеушілік, қорғаушылық және тәрбиелік функцияларды** атқарады.
 - **Инвестициялық құқықтың реттеушілік функциясы** инвестициялық құқық инвесторларды жүзеге асырудың тәртібі мен негіздерін анықтауына байланысты.
 - **Инвестициялық құқықтық қорғаушылық функциясының** мәні мынада: инвестициялық құқық инвесторлардың, инвестициялық қатынастарға қатысушылардың субъективтік құқықтары мен міндеттерін қорғайды және оларды қалпына келтіруге ықпал жасайды.
 - **Инвестициялық құқықтың тәрбиелік функциясының** мәні мынадан көрініс алады: инвестициялық құқық азаматтарды заңды құрметтеуге тәрбиелейді, өйткені өркениетті елде заңға мойынұсынушылық - норма.
-



Инвестициялық құқықтың қалыптасу және даму кезеңдері

- **Бірінші кезең - 1990-1994 жж.** Инвестициялық құқық, тұтастай алғанда, оның негізгі институттары қалыптасу сатысында тұрды. Бұл кезең тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасының қалыптасу жылдары, нарықтық қатынастардың еніп, даму кезеңі, жаңа құқық жүйесін жасау мен заңнаманы түбірінен өзгерту жылдары болды.
 - **Екінші кезең** 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы Заңы мен ҚР Азаматтық Кодексін қабылдаудан басталады, бұл заң актылары инвестициялық қатынастарды дамытуға жеткізді. Экономикалық дағдарыс, инфляция, отандық товарлардың бәсекеге қабілетсіздігі, сыртқы қарыздың ұлғаюы - сол кезеңдегі инвестициялық саясаттың негізгі зардаптары осындай болды.
 - **Үшінші кезең** 1997 жылы 28 ақпанда Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы және одан кейін оны орындау үшін бірқатар Заңнамалық және нормативтік актылар қабылданды. Мемлекеттің бірыңғай инвестициялық саясатының маңыздылығымен және қажеттілігімен, инвестициялық қызметке тұғырнамалар жасауға деген ұмтылыспен, бағалы қағаздар нарығында, товар өндірісі мен қызметтер көрсету саласында, табиғатты пайдалану (оның ішінде жер қойнауын пайдалану) саласында, т.б. салалардағы кешенді қызметте инвестициялық шаралардың тұғырнамаларын жасап, жүзеге асырумен сыпатталады.
-



Инвестициялық құқықтың принциптері

- **Құқықтың жалпықұқықтық принциптері мемлекеттің Негізгі заңы - Конституцияда көрініс алады.** Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында мынадай принциптер тұжырымдалған: демократия, халық билігі, Конституция мен заңдардың мәртебелілігі, идеологиялық және саяси көптектілік, меншіктің барлық нысандарының теңдігі, халықаралық құқық принциптері мен нормаларын құрметтеу, жеке бастың құқықтары мен бостандығын құрметтеу, тең құқылық, құқықтық әдеттілік.
 - **Инвестициялық құқықтың принциптері инвестициялық қатынастарды реттеу мен регламентациясын жүзеге асырудағы анағұрлым елеулі сәттер мен идеялардан көрініс алады.**
 - Инвестициялық құқықтың негізгі принциптерінің қатарына:
 - **Инвестициялық құқық субъектілерінің теңдігі принципі.** Осы принцип инвесторлардың инвестициялық қызметті жүзеге асыруда құқықтарының теңдігінен көрінеді.
 - **Келісімшарт еркіндігінің принципі.** Инвестициялық құқықта келісімшарт бірге басқа да өзіндік белгілерге иелік етеді, нарықтық қатынастар (оның ішінде инвестициялық қатынастар да) - бұл азаматтық-құқықтық (немесе жекеменшік-құқықтық) қатынастар ғана емес, жалпылама-құқықтық қатынастар.
-



Инвестициялық құқықтың принциптері

- **Инвестордың инвестициялар объектілерін таңдау еркіндігі принципі.** Инвестор инвестицияларын (қызметтің қолданылып жүрген заңнамамен тура тыйым салынған объектілері мен түрлерінен басқа) жүзеге асыру үшін қызметтің кезкелген объектісін немесе түрін таңдауға құқылы.
 - **Инвестордың өз қызметін дербес атқару принципі.** Инвестордың инвестициялар объектілеріне иелік ету, пайдалану және жұмсау, сондай-ақ инвестициялық қызметтің нәтижелерін пайдалану құқы; инвестициялық қызметті жүргізуде қажетті кезкелген мүлікті шектеусіз алу (егер қолданылып жүрген заңға қайшы, келмесе); мемлекет, мемлекеттік органдар, немесе лауазымды тұлғалар тарапынан инвестордың ішкі шаруашылық қызметіне араласпау; инвестордың өз міндеттемелері бойынша дербес жауапкершілігі.
 - **Инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау принципі.** Осы принцип мемлекеттің инвесторлардың инвестицияларын, кірістің (пайда), дивиденттерін, құқықтары мен мүдделерін қорғау лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) қорғау мемлекеттік органдардың инвесторлармен жұмысының жариялылығын қамтамасыз ету кепілдіктерінен көрінеді.
-



Инвестициялық құқықтың принциптері

- **Инвестициялардың өзара тиімділігінің принципі.** Инвестициялық қызмет инвесторға тек кіріс (пайда) әкеп қоймай, жаңа кәсіпорындар ұйымдастыруға, жаңа немесе қосымша жұмыс орындарын жасауға, тауарлар мен қызметтерді ұлғайтуға, олардың сапасын көтеруге жеткізуі керек.
 - **Инвестициялық қызметтің мемлекеттік реттеу принципін.** Осы принциптің ерекшеліктері мен мәні мемлекеттік реттеуде, өйткені мемлекет инвестициялық қызметке ықпал жасай отырып, реттеудің тура (әкімшілік) және жанама (экономикалық) әдістерін пайдаланады. Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу принциптері Қазақстан Республикасының экономикасына жаңа инвестицияларды тарту принципімен бірге инвестициялық құқықтың жалпы салалық принциптеріне жатады, өйткені бұлар мемлекеттік инвестициялық саясатының негізгі бағыттарын анықтайды.
 - **Мемлекеттік инвестицияларды тура мемлекеттік басқару және отандық товар өндірушілерді көтермелеудің принциптері** туралы да осыны айтуға болады.
-



3 Тапсырма

2016 жылдың ақпанында «Тау-Интер» қазақстандық-итальяндық бірлескен компаниясының құрылтайшысы - «Интегра» итальяндық компания өзінің шетелдік валюта есебінен осы «Тау-Интер» компанияға жарна ретінде 15 миллион евро қаражатты құйды.


Алайда, 2016 жылғы 19 сәуірдегі МАЭС шешімімен «Тау-Интер» қазақстандық-итальяндық бірлескен компаниясына 8 млн. тенге айыппұл салынды, өйткені валюталық операцияларды жүзеге асыру үшін Ұлттық Банкі лицензиясының болуы талап етіледі.

□ Сұрақтар:

1. Инвестициялық қызметтің қандай объектілеріне шетелдік инвесторлар инвестицияларын құюға құқылы?
 2. Инвестиция дегеніміз не?
 3. «Тау-Интер» қазақстандық-итальяндық бірлескен компания тиісті жауапкер ма? Бұл операция валюталық операцияларға қатысты ма?
 4. Ұлттық Банк лицензиясын алу қажет па?
-



қалыптасу және даму кезеңдері

- **Төртінші кезең** 2003 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының «Инвестициялар туралы» Заңын қабылдаудан басталды. Ең алдымен, шетел және ұлттық инвестициялар үшін бірыңғай құқықтық тәртіп орнатылды. Сонымен бірге жаңа инвестициялық заң құқықтардың кешенді саласы ретінде инвестициялық құқықтың қалыптасу үрдісін аяқтады.
 - **Бесінші кезең – 2015 жылдың 29 қазанында** Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды.
-
- 

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі

- **274-бап. Инвестициялар, инвестор, ірі инвестор және инвестициялық қызмет ұғымдары**
- 1. Лизинг шартын жасасқан кезден бастап қаржы лизингі нысанасын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа) **инвестициялар болып табылады.**
- 2. **Инвестор деп** Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар түсініледі.
- 3. Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі **инвестициялық қызмет** деп танылады.
- 4. **Ірі инвестор деп** Қазақстан Республикасында айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға түсініледі.



Тапсырма

«Бүркіт» АҚ басшылары кездесуінде кейбір тұлғалар өндіріске шетелден инвестицияларды тарту мәселесін көтерген. Алайда, қатысушылар арасында келіспеушіліктер болды. Өйткені, шетел инвесторлар Қазақстан Республикасында тек қана жаңа коммерциялық ұйымды тіркеу арқылы инвестициялық қызметті жүзеге асыратыны туралы пікір айтылды.

Сұрақ: АҚ шетелдік инвесторлардың көмегіне қол жеткізу үшін амалдар бар ма?


Егер жоқ болса, неге?




«Халықтың көші-қоны туралы» Заңы

- Бизнес-көшіп келушілердің Қазақстан Республикасының аумағында болу және олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттары
- 1. Бизнес-көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы Қазақстан Республикасының аумағында болуының міндетті шарты болып табылады.
- **2. Бизнес-көшіп келуші Қазақстан Республикасының аумағына келген күнінен бастап екі ай мерзім ішінде:**
- 1) Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеуге немесе Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асырушы коммерциялық ұйымдар қатысушыларының (акционерлерінің) құрамына енуге;
- 2) заңды тұлғаны тіркеу кезінде оның жарғылық капиталын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен мөлшерден кем емес ақша сомасын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіне енгізуге міндетті.
- Бизнес-көшіп келушілер осы бапта белгіленген міндеттерді орындамаған жағдайда ішкі істер органдары жергілікті атқарушы органдардың қолдауы негізінде бизнес-көшіп келушілердің болу мерзімін олардың ерікті түрде кетуіне қажетті мерзімге қысқарту туралы шешім қабылдайды.
- Бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.
- 3. Бизнес-көшіп келушінің Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үшін жабдықтар әкелуі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалатын шарттарда және тәртіппен жүзеге асырылады.
- 4. Бизнес-көшіп келушілер Қазақстан Республикасының шетелдіктердің баруына ашық аумақтары бойынша еркін жүріп-тұра алады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес тұрғылықты жерін таңдай алады.

Жаһандық деңгейде және мемлекеттердің жекелеген топтары бойынша ТШИ ағынының көрсеткіштері (млрд. АҚШ доллары)



2005 – 2016 жылдары Қазақстан Республикасындағы ТШИ көлемі



ҰЛТТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 498 қаулысымен бекітілген "Ұлттық инвестициялық стратегия" инвестицияларды тарту жөніндегі бағдарлама

Мақсаты: Қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру және тиімділікті арттыруға бағытталған инвестицияларды тарту.

Міндеттері: Бірінші бағыт. Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсарту:

1. Инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау
2. Инвесторлардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру
3. Сауда логистикасын жақсарту және шетелдік инвесторлар мен жергілікті компаниялар арасындағы өндіру-өткізу байланыстарын дамыту

Екінші бағыт. Тиімді операциялық шараларды іске асыру және инвестицияларды тартудың жаңа тәсілдерін әзірлеу:

4. Инвесторларды тарту, сүйемелдеу және қолдау бойынша институционалдық тетіктерді жетілдіру
5. Инвестицияларды тартудың және ұстап қалудың алдын ала белсенді тәсілдерін қалыптастыру

Үшінші бағыт. Жекешелендіру жоспары мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің шетелдік инвестицияларды тарту басымдықтарымен сәйкестігі:

6. Жекешелендіру процесіне шетелдік инвесторлардың қатысуын қамтамасыз ету.
 7. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына инвестицияларды тарту
-



«Астана» Халықаралық қаржы орталығы

The logo for the Astana International Financial Centre (AIFC) features the letters 'AIFC' in a bold, black, sans-serif font. The letter 'C' is stylized, consisting of a dark grey outer ring with a bright green circular center.

Astana
International
Financial
Centre



«Астана» Халықаралық қаржы орталығы

- АХҚО-ның арнайы мәртебесі заң жүзінде Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен бекітілген. Осылайша АХҚО алаңында инвестицияларды тарту бойынша қолайлы жағдай жасау үшін бірқатар артықшылықтар қарастырылған:
 - 1) **ерекше құқықтық режим.** АХҚО-да ағылшын құқығы қағидаттарына негізделген, меншікті коммерциялық және азаматтық құқығы бар арнайы юрисдикция жұмыс істейтін болады. АХҚО қатысушыларының арасындағы дауларды шешетін негізгі институт АХҚО соты болады ол ағылшын құқығы юрисдикциясы бар елдерде практикалық тәжірибесі бар жоғары білікті судьялармен қамтамасыз етіледі. АХҚО-да дауларды шешудің баламалы тәсілін ұсынатын Халықаралық төрелік орталығы да жұмыс істейтін болады;
 - 2) **тәуелсіз реттеуші режим.** АХҚО аумағында қаржы нарығының әділдігін, ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін тәуелсіз реттеуші қызмет етеді және әлемде танылған стандарттарға сай келетін нормативтік-құқықтық база әзірленеді;
 - 3) **арнайы салық режимі.** АХҚО-да 2065 жылдың соңына дейін АХҚО қатысушыларын корпоративтік және жеке табыс салығын төлеуден босату түрінде салықтық жеңілдіктер көзделген;
 - 4) **қолайлы іскерлік ортаны құру.** Озық халықаралық тәжірибеге ұқсас АХҚО бір терезе жүйесін, виза берудің, тіркеудің, жұмысқа рұқсат алудың және басқа да тіркеу рәсімдерінің оңайлатылған режимін енгізеді. Көші-қон және әкімшілік полиция, мемлекеттік кірістер органдарының, халыққа қызмет көрсету орталығының және инвесторлардың қызметтерін шоғырландыру арқылы АХҚО-ның шетелдік қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің кіруі мен орналасуына қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету үшін мамандандырылған орталық – "АХҚО Экспат орталығын" құру жоспарланып отыр;
 - 5) **ресми тіл.** АХҚО-ның аумағында ағылшын тілі ресми тіл болып табылады (АХҚО-ның актілері, құжаттама, сот ісі, мәмілелер, сондай-ақ АХҚО реттейтін барлық қоғамдық қатынастар саласында).
-



Нормативтік Құқықтық реттеу

□ 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы

2-бап

1. Қазақстан Республикасы - президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3. Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы, оның елордасының мәртебесі заңмен белгіленеді. Қазақстанның елордасы Астана қаласы болып табылады.

3-1. Астана қаласының шегінде конституциялық заңға сәйкес қаржы саласында ерекше құқықтық режим белгіленуі мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы және Қазақстан атауларының мәні барабар.

Ескертпе: «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 наурыздағы № 51-VI ҚРЗ



Нормативтік Құқықтық реттеу

□ 2. «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы»

Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V ҚРЗ.

«Астана» халықаралық қаржы орталығы – Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Астана қаласының шегіндегі аумақ;

Орталықтың қолданыстағы құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және мыналардан:

- 1) осы Конституциялық заңнан;
- 2) осы Конституциялық заңмен берілген өкілеттіктер шегінде Орталықтың органдары қабылдайтын, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) әлемнің жетекші қаржы орталықтарының стандарттарына негізделуі мүмкін Орталықтың осы Конституциялық заңға қайшы келмейтін актілерінен;
- 3) осы Конституциялық заңмен және Орталықтың актілерімен реттелмеген бөлігінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады.

Орталықтың органдары Орталық қатысушыларының және (немесе) Орталық органдарының және (немесе) олардың жұмыскерлерінің арасында туындайтын:

- 1) азаматтық-құқықтық қатынастарды;
- 2) азаматтық-процестік қатынастарды;
- 3) қаржылық қатынастарды;
- 4) әкімшілік рәсімдерді реттейтін актілерді қабылдауға құқылы.

АХҚО органдары

- 1) Орталықты басқару жөніндегі кеңес;
 - 1-1) Орталықты Басқарушы;
- 2) Орталықтың Әкімшілігі;
- 3) Орталықтың Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті;
- 4) Орталықтың соты;
- 5) Халықаралық төрелік орталығы.

Орталықтың соты қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуді жүзеге асырмайды және мыналарға:

- 1) Орталық қатысушыларының, Орталық органдарының және (немесе) олардың шетелдік жұмыскерлерінің арасында туындайтын дауларды қарау мен шешуге;
- 2) Орталықта жүзеге асырылған және Орталықтың құқығына бағынысты кез келген операцияға қатысты дауларды қарау мен шешуге;
- 3) тараптардың келісімі бойынша Орталықтың сотына берілген дауларды қарау мен шешуге қатысты айрықша юрисдикцияға ие болады.

Халықаралық төрелік орталығы тараптар арасында төрелік келісім болған жағдайда дауларды қарайды.



